

2. Асанбаева Е.Б. Оқу сауаттылығы – оқушылардың функционалды сауаттылығының негізі. Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университетінің Хабаршысы. 2018;(2):9.

Куанбаева Д.А.

«Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясы» КММ, Қарағанды қ.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Аннотация. Мақалада математика пәнінен бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын арттыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер жайлы айтылған.

Кілт сөздер: математика, функционалды сауаттылық, бастауыш сынып, әдіс-тәсілдер.

Бастауыш сынып оқушыларының математика пәнінен функционалды сауаттылығын арттыру білім беру процесінің негізі болып есептеледі. Қазіргі білім мен ғылымның дамыған заманында білім беру жүйесінде оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту ең маңызды мәселе болып табылады. Жеке тұлғаның шығармашылық ойлауы мен тез шешім табу қабілеттері, кәсіби жол таңдау білігі, үнемі ізденіп білім алуға құлшынысы, яғни қазіргі жаһандану заманының ағымына сай болу-оның басты функционалды қасиеті болып табылады. Бастауыш сынып оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытудың өзектілігі: оқушының математика пәнін терең түсініп оқуы, логикалық ойлауы, алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білуі, әлемдегі математиканың ролін көре білуі, математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны, оның заңдылықтарын байқап қана қоймай оны оқып үйренуі, дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру қабілеттері қалыптасады.

Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш сыныптарда негізі қалыптасатыны белгілі. Бастауыш сыныптарда оқушылар сандық өрнектермен арифметикалық амалдарды орындаумен шектелсе, алгебра, геометрия, тригонометрия әлеміне енген сайын басқа жаңа талаптар қойылады. Алгебрада латын, грек әріптерін үйренуге тура келеді. Міне, осы әріптерді дұрыс жаза және оқи білу математикалық сауаттылық білдіреді. Оқушылар геометрия ұғымдарымен бірінші сыныптан таныс болады, кейін жаңа жазулар мен сызулар кездесуі мүмкін және оқытуда арнайы заңдылықтар сақтау қажет.

Мұғалім оқушыны математика пәнінің қыр сырына үйрету үшін оған математикалық сауаттылықты сақтау жөнінде күнделікті қатаң талаптар қойып, орындалуына мұқият зер салуы керек.

Сонда оқушы математикалық өрнектерді оқуда, жазуда және сызбаларды сызуда сауаттылық көрсетіп, тәртіпке бейімделеді де, есептерді де алгоритм немесе логика бойынша тез, әрі сауатты шеше алады, сабаққа да ынтасы арта түседі.

Математикалық сауаттылық функционалды сауаттылықтың бір тармағы болып табылады. Оқушылардың танымдық әрекет амалдарын меңгеруін есепке алып, алгоритмдік есептерден эвристикалық типтегі есептерге көшу кезінде оқу-зерттеулік есептер көбейе түсетін өзара байланыс түрі өте тиімді. Математикалық сауаттылықтың дамуы оқушының жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, қазіргі қоғамда тұлғаның ұтымды сөйлеу коммуникацияларын қалыптастырады. Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың бастауыш сынып оқушылары үшін сыныптан тыс жұмыстар арқылы олардың қызығушылықтары мен сауаттылығын дамыту.

Математика сабақтарында функционалды сауаттылықты дамытудың мақсаты – оқытуда инновациялық әдістерді, заманауи білімдік және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Математика сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын екі негізгі міндеттерді шешу арқылы қалыптастыру мүмкіндігі бар:

1. Оқушының әлеуетіне сәйкес, яғни баланың өзінің білімдік деңгейіне сай келетін және жеке тұлғаның одан әрі дамуын қамтамасыз ететін, білім беруді іске асыру мүмкіндігіне, оның ішінде өзіндік білім алу жолымен жету.

2. АКТ құралдары мен өз қабілеттерін іске асыруда әр оқушыда шығармашылық әлеуметтік мәнді қызмет тәжірибесін қалыптастыру.

Математика сабағында мынадай әдіс -тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытып, пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

«Жұптағы ой қозғау» әдісі бойынша берілген тапсырма бойынша білетін ақпараттарын жазады. Өз жұптарымен бөліседі, білмеген ақпараттарын толықтырады. Бірігіп шешеді, өзара көмек береді.

«Математикалық мәтінмен жұмыс жасау» (Талдау, қажетті ақпаратты табу) Математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіреді.

«Дәлелдемелер жасау» Берілген жұмыстарды зерттеу, дәлелдемелі пайымдау жүргізу, логикалық негізделген қорытындылар жасайды.

«МИКС жаттығулары» әдісі бойынша логикалық ойлауды тиімді пайдалана отырып, практикалық есептеу техникаларын пайдаланады.

«Графикалық есептер» Математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларын пайдаланып есептер шығарады.

«Математикалық диктант» алу арқылы оқушының ереже, формула, теориялық білімді қаншалықты меңгергенін білуге болады.

«Буклет» әдісі арқылы оқушылар алған білімдерін жинақтап, ең маңыздыларын ұсына алады.

«Әйелер шеңбері» әдісі арқылы тақырып бойынша негізгі идеяларды жинақтап, саралайды.

Математикадан сабақ барысында немесе қосымша сабақтар кезінде жоспарға сәйкес қосымша тапсырмалар беріп отыру арқылы оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, математикалық сауаттылығын арттыруға болады (1-сурет).

Қосымша тапсырмалар:

<p>Зандылықты анықтап, қатардағы келесі санды табыңыз: 7; 8; 18; 19; 29; 30; 40;... A) 47 B) 40 C) 38 D) 41 E) 39 Шешуі: 7, 8, 18, 19, 29, 30, 40, +1 +10 +1 +10 +1 +10 +1 40 + 1 = 41 Жауабы: 41</p>	<p>Кестенің құрылу ережесін анықтап, сұрақ белгісінің орнындағы санды тап.</p> <table border="1" data-bbox="794 824 1337 1010"> <tr> <td></td> <td>6</td> <td></td> <td>1</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>9</td> <td>56</td> <td>16</td> <td>21</td> <td></td> <td>6</td> </tr> </table> <p>A) 125 B) 140 C) 128 D) 250 E) 135</p>		6		1									9	56	16	21		6
	6		1																
9	56	16	21		6														
<p>(a-c) + (b-d) өрнегінің мәнін тап.</p> <table data-bbox="225 1182 671 1451"> <tr> <td>a</td> <td>+</td> <td>b</td> <td>= 11</td> </tr> <tr> <td>+</td> <td></td> <td>+</td> <td></td> </tr> <tr> <td>c</td> <td>-</td> <td>d</td> <td>= 4</td> </tr> </table> <p> 14 6</p>	a	+	b	= 11	+		+		c	-	d	= 4	<p>Суреттегі фигураларды жалғастыра отырып, жетінші орындағы фигура неше шаршыдан құралғанын табыңыз?</p> <div data-bbox="863 1249 1321 1397"> </div> <p>A) 28 B) 21 C) 10 D) 15 E) 20</p>						
a	+	b	= 11																
+		+																	
c	-	d	= 4																
<p>Ұжымдық шаруашылықта 60 га жерге егілген дәнді-дақылдардың пайыздық мөлшері дөңгелек диаграммада көрсетілген. Неше гектарына тары егілді?</p> <div data-bbox="344 1666 635 1953"> </div> <p>A) 12 B) 16 C) 18 D) 15 E) 20</p>																			

1-сурет. Тапсырмалар.

Қорыта айтқанда, тұлғаның бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, алған білімдерін өмірмен байланыстыра алатын тұлғаны тәрбиелеп оқыту – білім беру мамандарына артылған жауапты міндет екенін түсінгеніміз жөн.

Зерттеу қызметінің нәтижесінде бастауыш сыныпта математиканы оқытуда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру арқылы оқушылардың ережелер мен үлгілерді және берілген алгоритмдерді математикалық материалда қолдану дағдысын, математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу біліктілігін, математикаға тән ойлау стилін, оның абстрактылығын, дәлелденуін, жоспар бойынша әртүрлі әрекеттерді жоспарлау жолдарын, өзін-өзі бақылауын дамыта аламыз.

Әдебиеттер:

1. 2015-2016 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарда ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты. Астана 2015ж.

2. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2010.

3. Темиргалиева Қ.Қ. «Функционалдық сауаттылықты арттыру» Оқыту-тәрбиелеу технологиясы - 2015ж, № 1.[Б. 29-30.]

4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. 2012ж, №10 (70),[Б-34-49]

5.http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/gosudarstvennaja_programma_razvitija_obrazovanija/gosudarstvennaja_programma_razvitija_obrazovanija_respubliki_kazakhstan_na_2011_2020_gody/

6. Оразахынова Н., Кенжебаева Г.М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. [Б. 42-47.]

7. Б. Баймұханов, З. Бекбаева «Оқушылардың математикалық тапсырмаларды орындаудағы дербестігін арттыру» Алматы, 2006 ж[Б. 12-14.]

Курманова А.К.

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау қ.

Кожантаева А.К.

«№1 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК, Астана қ.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ: ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІНДІК ІЗДЕНІСІ ЖӘНЕ ІС-ӘРЕКЕТ БАҒДАРЫ

Аннотация. Мақалада «функционалдық сауаттылық» ұғымы мәселесі қарастырылды. Жай сауаттылық, минималды сауаттылық ұғымдарымен салыстыра отырып, «функционалдық сауаттылық» ұғымының мәні ашылды, оның даму тарихы зерттелді. Отандық және шетелдік ғалымдардың функционалдық сауаттылыққа қатысты еңбектері жүйеленіп, сараланды. Зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, функционалды сауаттылыққа берілген анықтамаларда бірізділіктің жоқтығы анықталды. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жаңартылған білім мазмұны тұрғысынан зерделенді, оның мәні мен маңызы танытылды.

Кілт сөздер: реформа, жаңартылған білім мазмұны, функционалдық, сауаттылық, өмір бойы білім алу, құзыреттілік.

Қазіргі заманғы инновациялық білім беру педагогтың жауапкершілігін арттырумен қатар, кәсіби шеберлігі мен біліктілігін өсіруді міндеттейді. Сондықтан «бірге жиналу - бұл бастама, бірге болу - бұл ілгерілеу, бірге жұмыс істеу - бұл жетістік» деген ұстаным ұстаздар қауымының ұранына айналғаны сөзсіз.

Білім беру жүйесіне жасалған реформа жаңа бастамалардың басталуына себепші болды. Талай басқосулар, семинарлар, талқылаулар жасалды, десек те бұл үдеріс әлі де жалғасып жатыр. Оның бәрі жаңартылған білім мазмұнын терең әрі сапалы игеруге бағытталуда. Қазақ халқының біртуар ұлы, әдіскер-ғалымы А.Байтұрсынов: «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды